

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019
ISSN 2710-3994

Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэйти Стромилейл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

368.08+94(574)

ЖӘНІБЕК ХАН**Кәрібаев Б.Б.**

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д., Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. Автор бұл мақаласында Қазақ хандығының негізін салушы тарихи тұлғалардың бірі-Жәнібек ханның қазақ тарихындағы алатын орны мен атқарған рөліне тоқталады. Ортағасырлық жазба дерек мәліметтерінің, халық ауыз әдебиетінің, сондай-ақ тарихнамалық зерттеу материалдарына сүйене отыра, Жәнібек ханның шығу тегі мен ата-бабаларына тоқталып, оның Жошы ханның үлкен ұлы – Орда Еженнен таралатындығын дәлелдеп көрсетеді. Туысы Керей мен бірге Қазақ хандығын құрудағы жетекшілік рөлі ашылады. Сондай-ақ Жәнібек ханның Керейден соң хандықтың құрылуы барысын соңына дейін жеткізгенін нақты жазба дерек мәліметтері негізінде дәлелдеп көрсетеді. Сондай-ақ автор Жәнібек ханға қатысты кейбір тарихнамалық тұжырымдарды сынға алып, өзіндік ойларын алға ұсынады.

Түйін сөздер: Жәнібек хан, Керей хан, Әбілқайыр хан, Дешті Қыпшақ, Моғолстан, Мауереннахр.

ЖАНИБЕК ХАН**Карибаев Б.Б.**

Член-корр. НАН РК, профессор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук

Аннотация. Автор данной статьи рассматривает роль и место исторического деятеля в истории казахов, одного из основателей Казахского ханства - Жанибек хана. Основываясь на данных средневековых письменных источников, на устном фольклоре и историографических материалах, автор останавливается на вопросе о происхождении и предках Жанибек хана, и доказывает, что он происходит от старшего сына хана Джучи – Орда-Эджена. Раскрывается ведущая роль Жанибек хана в создании казахского ханства совместно с Керей ханом. Также автор доказывает на основании фактических письменных данных, что Жанибек хан, был тем кто после Керей хана закончил процесс формирования ханства. Автор также критикует некоторые историографические выводы, касающиеся Жанибек хана, и предлагает свои собственные суждения.

Ключевые слова: Жанибек хан, Керей хан, Абулхаир хан, Дешти Кипчак, Моғулистан, Мавераннахр.

JANIBEK KHAN**Karibaev B.**

Corresponding Member of the NAS RK, Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Historical Sciences

Abstract. The author of the article considers the role and place of a historical figure in the history of the Kazakhs, one of the founders of the Kazakh Khanate - Janibek Khan. Based on the data of medieval written sources, on oral folklore and historiographical materials, the author dwells on the origin and ancestors of Janibek Khan, and proves that he comes from the eldest son of Khan Jochi - Orda Ichen. Reveals the leading role of Janibek Khan in the creation of the Kazakh Khanate together with Kerey Khan. The author also argues based on the actual written sources that Janybek Khan, was the one who, after Kerey Khan completed the formation of the Khanate. The author also criticizes some historiographical conclusions regarding Janibek Khan and offers his own judgments.

Keywords: Janibek Khan, Kerey Khan, Abulkhair Khan, Desht-i Qipchaq, Moghulistan, Maverannahr.

Кіріспе

Қазақ халқының тарихи санасында есімі аса құрметпен айтылатын хандардың бірі — Жәнібек хан. Қазақ еліне көршілес жатқан елдердің тарихшылары кейінгі ортағасырлардың алғашқы кезеңінде ол туралы үзік-үзік, үстіртін немесе қысқаша ғана деректерді берсе, қазақ халқының ауыз әдебиетінде оның тарихи бейнесі Әз-Жәнібек деген атпен есіммен бес ғасырдан астам уақыт бойы сақталынып келеді.

Тарихта халық жадында ұмытылмас тұлға боп қалған хандар, патшалар, сұлтандар онша көп емес. Олардың билігі тұсында ел өмірінде, мемлекет тарихында болған ірі күрделі өзгерістер мен дамулар тек қана билеушінің кемеңгерлігімен, ақылдылығымен, көрегенділігімен және тағы да басқа ерекше қасиеттерімен байланыстырылады. Сөйтіп олар ел аузында ең жақсы билеушіге айналып, одан кейінгі кезеңдерде өмір сүрген билеушілер сонымен ғана салыстырылады, тенестіріледі. Мысалы, ортағасырлық дерек мәліметтерінде ең күшті, жеңімпаз, әділетті деген билеушілер Ескендір Зұлқарнайынға, Жәмшіге, Ануширванға теңелген. Ал қазақ халқы болса өзінің төл әдебиетінде ең күшті, ең ақылды хандарын бір сөзбен немесе сөз тіркесімен қоса айтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Мысалы, «Әз Жәнібек», «Әз Тәуке», «Тәуке ханның «Жеті Жарғысы», «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз тіркестерінің ел есінде бірнеше ғасырлар бойы ұмытылмай, бүгінгі күндерге дейін жетуі осының айғағы болса керек.

Жәнібек ханның қазақ тарихындағы алар орны жөнінде сөз айтар болсак, ең алдымен, оның шөбере туысы Керей ханмен бірлесіп, XVI ғасыр ортасында Қазақстан аумағында ұлттық сипаттағы қазақ мемлекеті - Қазақ хандығының негізін қалаушы ретіндегі рөлі есімізге оралады. Міне, Жәнібек хан туралы қалың көпшіліктің білетіні осы ғана. Осыны ескере отырып, біз, осы еңбегімізде Жәнібек хан жайында жазылған барлық жазба дерек мәліметтері мен ел есіндегі тарихи аңыз - әңгімелерді тарихи материал ретінде қолдана отыра, сондай-ақ соңғы жылдардағы отандық тарихнаманың қол жеткізген жетістіктеріне сүйеніп, оның қазақ тарихындағы атқарған рөлі мен алатын орнын ашып көрсетуге тырысамыз.

Деректер

Тарихи деректерде Жәнібек ханның есімі әртүрлі жағдайларға байланысты Керей ханға қарағанда жиі кездеседі. 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансаб» еңбегі мен XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» оның есімі хандар шежіресіне байланысты кездессе, «Тарих-и Рашиди», «Фатх-наме», «Шайбани-наме» секілді тарихи шығармаларда Қазақ хандығын құрушылардың бірі ретінде жиі айтылады [1, 63; 2, 42; 3, 110-305-306; 4, 56-57; 5, 99]. Ал Әбілғазы, Қадырғали Жалайри, Гаффари, Хайдар Разидің еңбектерінде Жәнібек хан есімі Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған әулеттің өкілі ретінде ұшырасады [6, 19; 7, 114; 8, 212; 9, 218].

Нәтижесі

Жәнібек ханның шығу тегі мен ата-бабаларына келсек, ол Керей ханның шөберелес туысы болғандықтан, олардың Орда Еженнен Орыс ханға дейінгі бабалары ортақ болып келеді. Сол себепті де біз бұл жерде Жошыдан Орыс ханға дейінгі Жәнібек ханның ата-бабаларын қайталап жатпай, бірден Орыс ханнан тарайтын аталарына тоқталамыз. Бұл туралы бұған дейін айтылып өткендей, «Муизз ал-ансаб» пен мәліметтері осы шығармаға тәуелді «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» айтылады. Т.И. Сұлтановтың дәлелдеуі бойынша «Муизз ал-ансабтың» Париждегі ұлттық кітапханада тұрған қолжазбасынан алынып, «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды» атты жинақтың екінші томына енгізілген Шыңғыс хан ұрпақтарына қатысты мәліметтерде біршама қателіктер жіберіліп, «Шыңғыс хан әулетіндегі бірнеше ондаған ханзадалар сиқырлы таяқтың әсеріне ұшырағандай, оғландарға айналып кеткен» [11, 109-117]. Соған байланысты ол шығарманың Орыс хан ұрпақтарына қатысты мәліметтерін деректану ғылымының талаптарына сай орыс тіліне аударды. Біз Жәнібек ханның ата-бабасы жөнінде қарастырғанымызда Т.И. Сұлтанов аудармасын пайдаланғанымызды ескертіп өтеміз. Ол аудармада Жәнібек ханның ата-бабалары жайлы былайша беріледі: «Орыс ханның бірінші ұлы – Токтақия. Ол билік құрған... Орыс ханның сегізінші ұлы – Құйыршық. Оның Пайанде-сұлтан, Рукйиа деген екі қызы және Барақ атты бір ұлы болды. Барақ билік құрған. Барақта төрт бала: Саадат-бек деген қызы және Әбу Саид, Мир Қасым, Мир Саид деген үш ұлы болған» [11, 120-121]. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Әбу Саид Барақ ханның үш ұлының кішісі және Жәнібек хан деген қосымша есіммен берілсе, Қадырғали Жалайыр ол туралы Барақтың ұлы «кіші Жәнібек хан», - деп дәлірек түсіндіреді [2, 42; 7, 114; 6, 119]. Осылайша, деректердегі Жәнібек хан туралы айтылатын шежірелік мәліметтерде оның шын есімі - Әбу Саид, ал лақаб есімі – Жәнібек екендігін білеміз. Ал Қазақ хандығының құрылуы барысын баяндайтын мәліметтердің бәрінде оның есімі Керей ханның есімімен бірге Жәнібек хан деп кездеседі.

Жәнібек ханның есімі дерек мәліметтерінде - Әбусағит[6,119], келесі бір деректе - Бу-Сайд[2,42], ал тағы дерек мәліметінде – Абу Саид деп жазылады [11, 63]. Түрлі дерек мәліметтерінде әртүрлі жазылғанымен, оның қазақша түрде – Әбусейт(Әбусайд) екендігі ешқандай дау тудырмайды. Әбілғазы «оның лақабы – Жәнібек хан» деп жазса[6,119], Қадырғали Жалайыр одан әрі нақтылай түсіп, еңбегінде Барақ хан туралы айта келе, «Оның ұлы Кіші Жәнібек хан деп атанған» деп нақтылап береді[7,114].

Бізге Әбу Саидтің не себепті Жәнібек атанғаны белгісіз, ол жөнінде ешбір дерек айтпайды. Ал оның не себепті «кіші Жәнібек» атанғанын дерек мәліметтері айтпаса да, оны анықтауға болады. Т.И. Сұлтановтың пікірінше, Жошы Ұлысы мен Орта Азия тарихында бір уақытта хан титулы бірнеше сұлтандар болып, олар жөнінде жақсы хабардар болған дерек авторлары хандарды ажырату үшін өз мәліметтерінде «Ұлұғ хан» (Үлкен хан) және «Кішіг хан» (кіші хан) деген атауларды қолданған[10, 148]. Біздің ойымызша, «ұлұғ» және «кішіг» хандар жөніндегі мұндай түсіндірме дұрыс айтылған. Бұл түсіндірменің Алтын Ордада XV ғасырдың бірінші жартысында хан болған Ұлығ Мұхаммед хан мен Кішік Мұхаммед хандарға қатысты айылып тұрғаны белгілі. Бұл екі ханның Алтын Орданың саяси тарихында терең із қалдырып, жазба дерек мәліметтеріне есімдері сол дәуірдің өзінде-ақ енген болатын. Ал Қазақ хандығындағы Барақтың ұлы Әбу Саидты «кіші Жәнібек» десе, онда «үлкен» немесе «ұлығ» Жәнібек деген кім болған? XIV-XVI ғғ. ортағасырлық мұсылман деректерінде Жәнібек есімді хан да, сұлтан да көптеп кездеседі, бірақ олардың ешқайсысы Ұлығ Жәнібек деп аталмайды.

Мұны анықтау үшін дерек мәліметтеріне тереңірек назар салу керек сияқты. «Муизз ал-ансабта» Әбу Саид - Барақ ханның үш ұлының үлкені деп көрсетіледі, бірақ оның лақаб есімі жөнінде ештеме айтылмайды. Соған қарағанда, Жәнібек хан деген лақаб есім оған ресми түрде хандықты иеленгеннен кейін берілген. Ал XVI ғасырдың алғашқы жылдарында жазылған

«Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде» Әбу Саид – Барақ ханның үш ұлының кішісі, яғни үшіншісі деп беріледі. Сондай-ақ онда Әбу Саидтың лақаб есімі – Жәнібек хан екендігі қоса айтылады, бірақ «кіші» деген сөз кездеспейді. Әбілғазы дерегінде де дәл сондай. Жәнібек ханның «кіші Жәнібек хан» екендігі алғаш рет XVII ғасырдың алғашқы жылдары жазылған Қадырғали Жалайыр еңбегінде бірінші рет кездеседі [7, 114]. «Шежірелер жинағы» «Оның (Барақ ханды айтып отыр – Б.К.) ұлы Кіші Жәнібек хан атанған» - деген мәліметті бізге дейін жетпеген жазба дерек мәліметтерінің бірінен немесе ауыз әдебиетінің материалдарынан алған деуге болады.

Осыған байланысты біз Жәнібек хан өмір сүрген кезеңде, яғни XV ғасырда Жошы Ұлысы аумағының әртүрлі бөліктерінде өмір сүріп, билікте болған Жәнібек хан есімді тұлғаларға тоқталып өтелік. Сонда ғана біз, Барақұлы Жәнібек ханның «кіші Жәнібек» деп аталуының себебін түсінгендей боламыз. XV-XVI ғасырларда Жошы мен Шағатай Ұлыстары аумағында билікте болған Жәнібектер бірнешеу.

1) 1477-1478 жылдары азғантай ғана уақыт Қырымда хан болған Хажыкерей ұрпағы – Жәнібек хан [12, 199-200]. Бұл Жәнібек ханның билігі өте қысқа болғандықтан, кейбір деректер мен зерттеулерде ол жөнінде айтыла да бермейді. 1474-1477 жылдары Қырым хандығында Хажыкерейдің ұлдары арасында таққа таластар жүріп, жеңіліске ұшыраған Меңлікерей хан түрік сұлтанының көмегімен тақты бауырынан қайырып алады. Ал 1477 жылы оны Үлкен Орда ханы Ахмед хан жеңіліске ұшыратып, Қырымға Хажыкерей ұрпағы Жәнібекті немесе Жәнібеккерейді отырғызады. Бір жылдан кейін Меңлікерей Жәнібек ханнан тақты қайтарып алады, ал Жәнібек хан болса Мәскеу княздығына қашуға мәжбүр болады. Билікке қайта келген Меңлікерей III Иванмен бұрынғы одақтастық туралы шартын қайта бекітіп, қосымша қаулылармен толықтырады. Онда Ресейге қашып барған бауырларына жасына қарай материалдық жағынан қамтамасыз ету және оларды Ресейден шығармау жөнінде айтылған болатын [13, 141-142]. Қаулыға сәйкес қырымдық Жәнібек хан өмірінің соңына дейін Ресейде қалып, сонда Ковно қаласында қайтыс болады.

2) Астрахан хандығында 1514-1521 жылдары билік құрған Кіші Мұхаммед ханның немересі, Махмуд ханның ұлы – Жәнібек хан. Астрахан хандығының тарихына арналған монографияның авторы И.В. Зайцевтың көрсетуі бойынша Махмуд ханның ұлы, Абд ал-Керімнің бауыры Жәнібек Астрахан тағын 1514 жылдың жазында иеленіп, 1521 жылдың 15 тамызына дейін билік жүргізген [14, 73-87].

3) Келесі хан лауазымын иеленген Жәнібек есімді тұлғаға – XVI ғасырдың бірінші жартысында Мауереннахрда Андижан уалаятын басқарған, шибанилық Жәнібек хан жатады. Ол - Әбілқайыр ханның немересі, Қожа Мұхаммед ханның ұлы [15, 356-357]. XVI ғасырдың соңғы ширегінде Жәнібек ханның немересі атақты Абдаллах хан Мауереннахрды біріктіру жолында күрес жүргізеді.

4) Хан лауазымын иеленген Жәнібектерден басқа хандар шежіресінде сұлтан титулыменен де бірнеше Жәнібек кездеседі. Олар: Тұқай Темірдің ұрпағы, Қара Кесектің немересі, Жетібектің ұлы – Жәнібек [2, 40]. Шибанилық Бахтияр сұлтанның шөбересі, Әлике сұлтанның немересі, Тұрымның ұлы – Жәнібек [2, 35]. Бұл Жәнібек есімді тұлғалардың хан лауазымын иеленбеуіне байланысты біз, оларды қарастырмаймыз.

Енді жоғарыда есімдері аталған Жәнібек хан есімді тұлғалардың билік құрған жылдарын Барақ ұлы Жәнібек ханмен салыстырсақ, онымен бір мезгілде хан титулын иеленген тұлғаға – Қырымда азғантай ғана уақыт билікте болған Қажыкерей ұрпағы Жәнібек хан жатады. Ал Астрахан мен Андижандағы Жәнібек хандар XVI ғасырда билікте болғандықтан, олар біз қарастырып отырған Жәнібек ханға қарағанда «Ұлұғ Жәнібек хан» бола алмайды. Қырымдағы Жәнібек ханға келсек, оның саяси рөлі Жошы ұлысы түгілі, Қырымның өзінде онша болмаған. Сондықтан да ол да «Ұлығ Жәнібек хан» атануға лайықты емес. Олай болса біз, Барақ ханның

ұлы Жәнібектің «кіші Жәнібек хан» атану себебін басқа жағдайлардан іздестіруіміз қажет.

Біздің ойымызша, Жәнібек ханның «кіші» деп Қадырғали Жалайыр еңбегінде айтылуының екі себебі болған. Бірінші себепке мынадай жағдайды жатқызамыз. Қадырғали Жалайырда Қырымдағы да, Астрахандағы да Жәнібек хандар жөнінде ештеңе айтылмайды, ал Алтын Орда ханы, Өзбек ханның ұлы Жәнібек туралы былайша баяндалады: «Өзбек хан неше жылдар Еділ бойында патшалық қылды. Оның ұлы Жәнібек хан болып Өзбек ханның орнына отырды. Неше жылдар бойы ол да патшалық құрды. Екеуінің патшалық қылғаны елу жылға жетті. Жәнібек апат болған соң әрқайсысы әр тарапқа тарады» [7, 113-114]. Осы Алтын Орда ханы Жәнібекпен салыстырғанда қазақ ханы Жәнібекті дерек авторы – «кіші Жәнібек хан» деп атаған. Ал екінші себепке мынадай жағдайды жатқызамыз. «Муизз ал-ансабта» Барақ ханның үш ұлының үлкені Әбу Саид деп берілсе де, «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намеде», керісінше, Әбу Саид – Барақтың үшінші ұлы деп айтылады. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наменің» деректерін пайдаланған XVI-XVII ғасырлардың авторлары Жәнібек ханды Барақтың кіші ұлы деп түсініп, оны өз шығармаларында «Кіші Жәнібек хан» деп жазған деп есептейміз.

Жәнібек хан - Ақ Орданың соңғы ханы, 1428 жылы қаза тапқан атақты Барақ ханның Мір-Сайд, Мір-Қасым атты ұлдарынан кейінгі үшінші немесе кіші ұлы. Барақ хан туралы ортағасырлық деректерде мәліметтер көп кездеседі.

Барақ – Қойыршақ ханның жалғыз ұлы. Барақтан басқа Қойыршақтың Пайанде-сұлтан және Рукйиа атты екі қызы болған. Қадырғали Жалайыр Барақ хан туралы «оның өзі алып тұлғалы, ірі, нағыз ер, батыр еді. Тез арада әр тараптағы ұлыстарды өзіне бағындырды», - деп баяндайды [7, 114]. Барақ хан – Алтын Орданың XV ғасырдың 20-шы жылдарының бірінші жартысындағы саяси өмірінде із қалдырған және тақ үшін талас-тартыстарда жеңіске жетіп, бірнеше жыл Алтын Орданы билеген адам. Абд ар-Раззак Самарканди еңбегінде оның есімі алғаш рет 1419 жылғы оқиғаларға қатысты кездеседі [16, 196]. Жалпы алғанда, Барақ хан туралы арнайы зерттеулер болмаса да, белгілі зерттеушілер өз еңбектерінде оған тоқталып өткен. М.Г. Сафарғалиев өзінің еңбегінде оның Ұлұғ Мұхаммед ханмен, Хұдайдатпен күресін қарастырып өтсе, Т.И. Сұлтанов ол туралы өз зерттеуінде кеңірек тоқталады [17, 449-452; 18, 204-212]. Біз бұл авторлардың Жәнібек ханның әкесі - Барақ хан жөніндегі зерттеулеріндегі тұжырымдарын қайталап жатпай, тек оның өмірінің басты-басты кезеңдерін атап өтеміз.

Барақ ханның қай жылы дүниеге келгені белгісіз, 1419 жылы Ұлығбектің тікелей көмегімен Шығыс Дешті Қыпшақтың билігін иеленеді; 1422 жылы қарсыласы Хұдайдат ханды, Ұлұғ Мұхаммед ханды жеңіп Алтын Орда тағына ие болады; 1422-1426 жылдары Барақ Алтын Орданың ханы; 1426 жылы Ұлұғ Мұхаммед ханнан жеңіліс тауып, Шығыс Дешті Қыпшаққа қайта оралады; 1427 жылы Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен жерлер үшін Ұлығбекпен соғысып жеңіске жетеді; 1428 жылы ол Кіші Мұхаммед ханның, Ғази мырза мен Наурыз мырзаның біріккен әскеріне қарсы шайқаста қаза табады.

1428 жылы Барақ хан қаза тапқаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулетінің билігі уақытша бірнеше он жылға тоқтатылады. Сөйтіп, Барақ ханның қайтыс болуымен ортағасырлық Қазақстан тарихындағы Ақ Орда атты мемлекет те өмір сүруін тоқтатып, тарихтың еншісіне қалады.

Жәнібек хан – Орыс ханның сегізінші ұлы Қойыршақтың немересі, Барақ ханның ұлы. Жәнібек ханның атасы жазба деректерде – Койричак оғлан, Коюрчак, Курчук, Нузи-оғлан, Каруджак, Құйыршық, Құйыршақ, Койриджак деген есімдермен жиі кездеседі. Қазақ тіліндегі академиялық басылымда бұл есім – Қойыршақ деп жазылғандықтан, біз де осы нұсқаны қолданамыз [19, 157 - 159].

Қойыршақ туралы мәліметтер Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресінен басқа темірлік тарихшы Шараф ад-дин Йездидің «Зафар-наме» еңбегінде айтылады. 1395 жылы сәуірде Темір

Терек өзені бойындағы шешуші шайқаста Тоқтамыс ханды жеңіліске ұшыратады да, түпкілікті талқандау үшін соңына түседі. Қойыршаққа қатысты онда мынадай мәлімет баяндалады: «Ол Еділ өзені арқылы өтетін Туратур өткеліне жетіп, жанындағы Орыс ханның ұлы Қойыршақ-оғланға өз тобынан өзбек баһадүрлерін қосты да, алтын жіптен тігілген халат пен алтын белдік кигізіп, ханға лайықты заттар береді. Оған Еділ өзенінен өтіп, Жошы Ұлысының билігін өз қолына алуды тапсырады. Жошы ұрпағының сұлтаны бұйрыққа сай өзеннің арғы бетіне өтіп, шашырап кеткен әскерін жинастыруға кірісті» [20, 178]. Осы деректі өз зерттеулерінде келтірген Т.И. Сұлтанов Қойыршақтың қашан және қандай жағдайда Темір Ордасына барғандығы, оның Жошы Ұлысындағы билігі қалай болғандығы деректерде айтылмайды дей келе, Махмуд бен Уәлидің мәліметіне сүйеніп, Алтын Орда аумағынан Темірдің қайтуымен оның отырғызған адамы өлтірілді», - деген деректі келтіреді [10, 146-147]. Қойыршақтың Темір астанасына қашан барғанын нақты білмесек те, қандай жағдайға байланысты барғанын білу онша қиынға соқпайды. Тоқтамыс хан Темірдің көмегімен Ақ Орда тағын иеленгеннен кейін, өзіне қарсы келгендердің көзін құртып, ал билігін мойындағандарға рахымшылық жасаған. Ал Тоқтамыс хан Алтын Ордаға ие болып, Темірмен қайшылықты бастағанда, оның қарсыластары Темір жағында болатынын анықтау еш қиындық туғызбайды. Қойыршақтың Темірдің жанында жүруін біз, оның Тоқтамыс ханға қарсы жүргізген күресінің бір түрі деп түсінеміз.

Жәнібек ханның атасы Қойыршақ аз уақыт болса да Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрып, онда ордаежендік әулеттің билігі мен ықпалын сақтап алады. Сөйтіп оның есімі Жошы ұлысында хан болғандардың қатарында айтылады [8, 212; 9,214]. Хайдар Разидың дерегіне қарағанда, Жәнібек ханның атасы Қойыршақ хан билікте ұзақ отырмаған[9, 214].

Ал Жәнібек ханның үшінші атасы - Орыс хан туралы жазба дерек материалдары жеткілікті, ол 1361-1378 жылдары Ақ Ордада, сондай-ақ аз уақыт болса да Алтын Ордада хан болған.

Ал Орыс ханнан Шыңғыс ханға дейінгі хандар шежіресінің деректері мен оларға негізделген зерттеулерде жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ хандарының шығу тегін екі түрлі түсіндіреді. Шибанилық деректер тобына жататын және авторы белгісіз «Тауарихи гузида-ий нусрат нама» еңбегі мен осы шығарма деректері негіз болып, XVII ғасырдың екінші жартысында жазылған Әбілғазының «Түрік шежіресінде» қазақ хандарының Шыңғыс ханнан Орыс ханға дейінгі аталар тізбегі былайша беріледі: «Шыңғыс хан — Жошы хан — Тоқайтемір — Өзтемір — Хожа-Бадық (Бадағұл) — Орыс хан»[2,34-42; 6,119]. Ал Рашид ад-дин бойынша Дешті Қыпшақ аумағындағы Орда ежен ұлысы билеушілерінің тегі « Шыңғыс хан - Жошы хан – Орда ежен – Сартақтай – Қоныша – Баян – Саты Бұқа» деп баяндалады да[21,64-67], одан әрі Натанзидың «Ескендірдің Анонимі» бойынша «Сасы бұқа – Ерзен хан – Шымтай және Орыс хан» деп жалғасады[22, 129-131]. Орыс ханның арғы атасының бірінші деректе Саты бұқа, екінші деректе Сасы бұқа деп жазылуын деректі көшірушілердің жіберген қатесі деп есептейміз. Одан басқа Жәнібек хан аталарының шежіресі Шыңғыс ханнан Жәнібек ханға дейін айна қатесіз беріледі.

Бірінші деректе Жәнібек хан - Шыңғыс ханның ең кенже ұлы Тұқай Темірден таратылса, екіншісінде ең үлкен ұл - Орда Ежен ұрпағы деп көрсетілген. Осы деректерге сүйенген тарихшы мамандар бұған дейін айтып өткеніміздей, қазақ хандарының шығу тегін екі түрлі түсіндіріп, бір тобы – тұқайтемірлік нұсқаны, ал, екінші тобы – ордаежендік нұсқаны қолдайды. Біз соңғы нұсқаны қолдайтынымызды бірнеше жұмыстарымызда дәлелдеп көрсеткенбіз. Шибанилық деректерде Шыңғыс ханнан Орыс ханға дейін алты ата көрсетілсе, екінші дерек мәліметтерінде он буын айтылады. Жай ғана есепке жүгінсек, Шыңғыс ханның дүниеге келген жылы мен Орыс ханның қайтыс болған жылы аралығында – 225 жыл бар екен. Шыңғыс ханнан Орыс ханға дейінгі аталардың бәрі дерлік шежірелік дерек мәліметтерінде тек үлкен ұлдар болып саналғандықтан, сондай-ақ олардың ерте үйленетінін ескере келе, осы аралықта он ата буынның болуын заңдылық деп санаймыз. Сондай-ақ ордаежендік нұсқа бойынша Шыңғыс ханнан Орыс ханға дейінгі әр

атаның арасы – 22,5 жылды құраса, тұқайтемірлік нұсқада әр ата аралығы – 37,5 жыл болып тұр. Осы салыстырудың өзі тұқайтемірлік нұсқаның ақиқаттан ауылы алыс екенін көрсетсе керек.

Жоғарыда келтірілген шежірелік мәліметтерден көріп отырғанымыздай, бірінші нұсқадағы Шыңғыс хан, Жошы хан, Тұқайтемірден басқа, Өзтемір, Бадағұл атты Жәнібек ханның аталары Дешті Қыпшақ тарихындағы онша белгілі емес тұлғалар. Ал екінші нұсқа бойынша Жәнібек ханның аталары әулетінен хандық билік үзілмеген және XIII-XV ғасырлар аралығында Дешті Қыпшақтың саяси тарихында өз орны бар тарихи тұлғалар. Олардың әрқайсысы өз заманында Ордаежен ұлысын, одан кейін Ақ Орда сияқты мемлекеттің саяси тізгінін ұстаған. Ата-баба жолын жалғастырған Жәнібек хан да XV ғасырдың ортасынан бастап Дешті Қыпшақтағы жаңа мемлекеттің, ұлттық сипаттағы қазақ мемлекетінің негізін қалап, оны билеушілердің бірі болады. Орайы келгенде айта кетелік, XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейін өмір сүрген Қазақ хандығының билеушілерінің бәрі Жәнібек ханның ұрпақтары болып саналады.

Керей хан жөнінде қарастырғанымызда біз, Жәнібек хан екеуінің шамамен XV ғасырдың басында дүниеге келген деп тұжырым білдіргенбіз.

Жәнібек ханның қай жылы дүниеге келгенін жазба деректер айтпаса да, оны жанама деректер арқылы мөлшерлеп айтуға болады. «Муизз ал-ансабта» Жәнібектің Барақ ханның баласы деп көрсетілуіне қарағанда, оны 1410-1420 жылдардың аралығында дүниеге келген деуге болады. Сондай-ақ оның тоғыз ұлының үшінші не төртіншісі Қасым сұлтан 1512 жылы Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуы бойынша «алпыстан асып, жетпіске таяп қалған» [3, 308]. Бұл жасты 66-68 деп есептесек, онда Жәнібектің ұлы Қасым 1444-1446 жылдары дүниеге келген болып шығады. Қасымның алдында Жәнібектің Иренші, Махмұд, Әдік атты ағаларының болғандығын ескере келе, біз Қасым дүниеге келгенде әкесі Жәнібек 25-30 жастар шамасында болған дейміз.

XV ғасырдың 50-60-шы жылдары Жәнібек сұлтан шөбере туысы Керей сұлтан екеуі Орыс хан ұрпақтарының ішіндегі жас жағынан ең үлкені болып саналды. Қазақ хандығының негізін қалағанға дейін оның өмірі туралы ешқандай мәлімет жоқ, сол себепті анық бір пікірлер айту өте қиын. Соңғы жылдары бізге белгілі болған тарихи аңыз мәліметтеріне қарап, Жәнібек хан әкесі Барақ хан қайтыс болғаннан соң, 1428-1457 жылдарда Сыр өңірінде өмір сүріп, ұлыс басқарғаны белгілі [23, 7-9]. Аңыз дерегін жазба дерек мәліметі де қолдайды. Қадырғали Жалайыры ол жөнінде: «... Осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі», — деп жазады [7, 114]. Ақ Орда тарихында Сыр өңірі XIII ғасыр соңынан бері саяси-әкімшілік, сауда-айырбас, экономикалық, діни-мәдени орталық болып, Дештінің мал бағушы тайпалары үшін ежелден бері қысқы жайылымдар мен қыстаулар ретінде Дешті Қыпшақпен біртұтас шаруашылық, экономикалық, мәдени, этникалық, рухани кеңістікті құрағаны белгілі. Мауреннахрдағы билеуші әулеттер де Сыр бойын өз уысында ұстап отыру үшін үнемі күрес жүргізіп отырады. Дерек мәліметтеріне қарасақ, Барақ ханнан кейін Сыр өңірінің саяси билігі Мауреннахрға өтеді, ал 1446 жылдан кейін, яғни Әбілқайыр ханның тұсында бұл аумақ қайтадан Дештіге қосылады.

1446-1457 жылдар аралығында Әбілқайыр ханның жүргізген ішкі саясаты жергілікті ру-тайпа көсемдеріне, сұлтандарға, тіпті ханның айналасындағы туыс сұлтандарға «қысымшылық» болып көрінеді. Дешті Қыпшақта толық жеңіске жеткен Әбілқайыр хан Шыңғыс ұрпақтарына сай шексіз билікке ие болады да, мемлекетті басқаруда моңғолдық дәстүрді қолдана бастайды. Жергілікті ру-тайпалар үшін XV ғасырда мұндай жағдай ежелгі дәстүрді бұзу еді. Мысалы, XV ғасыр басында Жетісудағы тайпалар Есен-Бұға ханды қолдаса, оның билігінің күшеюіне байланысты, одан бөлініп, әрбір әмір өз бетінше өз ұлыстарында билік жүргізеді. XV ғасырдың 70-ші жылдарында Едігеннің ұрпағы Мұса бидің Мұхаммед Шайбаниға айтқан мынадай сөзі осыны дәлелдейді. Ол «көне замандардан күні бүгінге дейін маңғыт әмірлері көтерген әрбір хан мемлекетте маңғыт әмірлеріне еркіндік берген. Егер Мұхаммед Шайбани хан біздің ежелгі

дәстүрімізге мойынсұнса, біз оны хан етеміз, ал егер көнбесе, онда өзі білер», — деген екен[5,104]. Әбілқайыр хан да 1428 жылы билікке келіп, хан тағын иеленгенде Дешті Қыпшақ әмірлерінің көпшілік қолдауына ие болған еді. Ал оның билігінің XV ғасырдың 40-шы жылдарында күшеюі, соған сай жүргізген ішкі саясаты «ежелгі дәстүрге» қайшы келіп, жергілікті тайпалардың наразылығын туғызады. Наразылықтың бір көрінісіне 1457 жылғы жаз айындағы Әбілқайыр ханның әскер жыю туралы жарлығының толық орындалмауы жатады.

«Қысымшылықты» Орыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар да көреді. Сыр өңіріндегі қалаларды шибанилық сұлтандардың иеленуі, керуен жолдарына бақылау орнату, ең жақсы қыстауларды алу және тағы басқа әрекеттері Әбілқайыр ханды екі сұлтанға жау етеді. Өз халқының мүддесінен шықпаған және сол халықтың қолдауына сүйенбеген билеушінің билігі ұзаққа бармайтыны белгілі. XV ғасырдың 50-ші жылдарында Әбілқайыр ханның күйі осыған сәйкес келеді. Мұны Қазақ хандығын құрушылар - Керей мен Жәнібек сұлтандар түсіне білген.

Қазақ хандығын құру жолында екі ханның атқарған істерін бөле-жара айту мүмкін емес. Аз ғана дерек мәліметтері хандықтың құрылу кезеңінде екі ханды үнемі бірге айтады. Біз бұған дейінгі Керей хан туралы жазылған бөлімде хандықтың қалай, қашан құрылғандығын айтқанбыз. Оны қайталап жатпай, тікелей Жәнібек ханның атқарған рөлі туралы ойымызды білдірелік. Қазақ хандығының құрылу кезеңін шартты түрде бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. Алғашқы кезеңге Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуі және хандық құрып, 1461/1462 жылға дейінгі, яғни Есенбұға хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатады. Бұл кезеңде Қазақ хандығы әлі толық, дербес хандық емес еді. Моғолстанның батысында орналасып, оның батыстағы «қорғаны» рөлін атқарды. Хандықтың халқы «өзбек-қазақ» этнонимімен аталынып, Әбілқайыр ханға наразы ру-тайпалар есебінен хандықтың халқы өсе түседі. 1458 жылдан 1462 жылға дейін Қазақ хандығының арқасында Есенбұға ханның билігіне Жүніс хан да, басқа біреу де қауіп төндіре алмайды.

Қазақ хандығының мемлекеттілік тұрғыдан нығая түсуі келесі сатыларда одан әрі жалғасады. Есен-Бұға ханның қайтыс болғаннан кейін оның орнына ұлы Досмұхаммедтің келеді. Оның 7 жылға созылған билігі тұсында деректерде жазылғандай, кешегі достар жауға айналады, ал жаулар жалған достар болып шығады. Мұның бәріне ешбір принципсіз жүргізілген Досмұхаммед ханның саясаты себеп болады. Жетісудағы Қазақ хандығы да осы кезеңде өзінің ішкі-сыртқы саясатын айқындап, бірте-бірте дербестене бастайды. Ал 1469 жылы моғол билігіне Жүніс ханның келуімен қазақ мемлекетінің құрылу тарихында жаңа кезең басталады. Осы кезеңнен бастап, жаңа хан Жүніс пен қазақ билеушілері арасында жақсы қарым-қатынастар орнайды[15,353].

Хандықтың құрылу тарихындағы соңғы сатыға 1469-1470/1471 жылдар жатады. Егер де алғашқы кезеңдердегі жылдарда Керей мен Жәнібек хандар бірге айтылса, соңғы кезеңде тек Жәнібек ханның есімі деректерде жалғыз айтыла бастайды. М. Елеуовтың жариялаған тарихи деректеріне қарағанда Керей хан он жылдай билік құрып, Хантауда жерленген[23,6-7]. Керейден соң хандыққа Жәнібектің келуі ата дәстүріне сай жүзеге асады. Дәстүр бойынша хандық билік X-XIII ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы қыпшақ қоғамында әкеден балаға емес, әкеден ініге не немере туысқа беріліп отырған. Жергілікті тайпалардың бұл дәстүрі XV ғасырда да өз жалғасын табады. Фазлаллах ибн Рузбехан өз еңбегінде «Қазақ ұлысында да сұлтандар хандық билікке ұмтылыс жасады. Бірнеше уақыт бойы бұл дәрежеге бірнеше адам ие болды, ақыры кезек Бұрындық ханға тиді» [24, 96], - деп жазуына қарағанда, Бұрындық ханға дейін билікте болған бірнеше адамдар - Керей мен Жәнібек хандар. Ал «Тарих-и Кипчакхани» еңбегінің авторы Әбілқайыр ханның өлімінен кейін Шығыс Дешті Қыпшақта болған оқиғаларды баяндау барысында 1469-1470 жылдары Жәнібекті қазақ ханы деп нақты көрсетеді[25, 393].

Сондай-ақ, 1469-1470/1471 жылдары Әбілқайыр ханның ұлдарына қарсы, жалпы

шибанилық әулеттің билігіне қарсы бірнеше қарсыластар бірігіп күрес жүргізеді. «Фатх нама», «Шайбани нама», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал ахйар» деректеріндегі мәліметтерде Шығыс Дешті Қыпшақтағы шибанилық әулетке қарсыластардың тізімдері беріледі. Олар: Сібір хандығынан – Қажы Мұхаммед ханның ұлы Ибақ хан, Кирай Арабтың ұлы Буреке сұлтан, маңғыттардан – Аббас бек, Мұса би, Жаңбыршы бек, ал қазақтардан Барақ ұлы Жәнібек хан болатын[4,56-57; 5,99; 15,362]. Жоғарыдағы келтірген мәліметтер Керей ханнан соң билікке Жәнібектің хан болғандығын дәлелдеп көрсетеді, бірақ оның қай жылы хандық тағына келгенінен хабар бермейді. Осы жерде бізге тағы да ауыз әдебиетінің материалдары көмекке келеді. М.Елеуов келтірген аңыздағы «Керей он жылдай хан болды» деген мәліметіне қарап, Жәнібек хан хандық билікке шамамен 1465/1466 жылдары отырған деген тұжырымға келеміз.

Бұған дейін айтқанымыздай, Керей мен Жәнібек хандар Әбілқайыр ханнан 1457 жылы бөлініп, келесі жылы көктемде Керейді хан етіп көтерсе және Керей он шақты жыл хан болса, онда Жәнібек ханның билікке келуі шамамен 1465/1466 жылдарға сәйкес келеді. Мұхаммед Хайдар Мырза Дулатидың «Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады»[3, 110],- деген мәліметінің негізінде сол тұстағы, яғни XVI ғасырдың 40-шы жылдарындағы қазақ сұлтандарының арғы атасы Жәнібек ханның билікке келген кезін меңзеп тұруы мүмкін.

Жәнібек ханның билігі шамамен он шақты жылға созылады. Осы кезеңде Қазақ хандығында және Қазақ хандығының қатысуымен болған оқиғаларға назар салып, соларға талдаулар жасайық.

Жәнібек ханның билігі тұсында жаңадан құрылған хандық тарихында үлкен маңызға ие бірнеше оқиға болады. Біріншісі, 1469 жылғы Әбілқайыр ханның Қазақ хандығына жасаған жорығы сәтсіз аяқталып, ханның қайтыс болуымен аяқталады. Бұл жағдай «көшпелі өзбектер» мемлекетінің толық күйреуінің басталуына алып келді. Олардағы үлкен келіспеушіліктерге байланысты жұрттың көпшілігі қазақтарға көшіп кетеді. Сөйтіп қазақтардың саны екі жүз мыңға жетеді[3,110].

Екінші маңызды оқиғаға - Дешті Қыпшақта шибанилық әулет билігінің жойылуы жатады. Шибанилар әулетінің билігі өздігінен жойылмады, оны қарсыластар күшпен жояды. Жойғандардың ішінде жоғарыда айтып өкеніміздей, Сібір хандығы, ноғай мырзалары, Хорезм хандығы және Жәнібек хан басқарған Қазақ хандығы да болды. Оған дейін Жәнібек ханның тапсырмасымен Керей ханның ұлы Бұрындық сұлтан шибанилық сұлтандарға қарсы табысты жорық ұйымдастырады[25, 393]. Жәнібек ханның Қазақ хандығын құрудағы тарихи рөлін осы жерден көреміз.

Кезінде Керей ханның айтқан «алла тағала сәтін салған күні батысқа — Түркістанға жол жүруіміз керек»,- деген өсиетін жүзеге асырып, Жәнібек хан Қазақ хандығының билігін Дешті Қыпшақ аумағына толық тарата бастайды. Бұл кез -1470/1471 жылдар болатын, яғни Қазақ хандығының толық дербес, жеке ел ретінде өмір сүре бастаған жылдары. Осылайша, Жәнібек хан 1457-1470/1471 жылдар аралығында өткен Қазақ хандығының құрылуы процесінің алғашқы кезеңінде Керей ханмен бірге «көшпелі өзбектерден» бөлінууді бастап, хандықтың уығын бірге қадасса, Керей ханнан кейін хандықтың құрылу процесіне өзі басшылық жасайды да, оны ақырына дейін жеткізеді.

Енді Жәнібек ханның өміріне байланысты кейбір қате пікірлер мен тұжырымдарға тоқтала кетелік. Қате пікірге – Жәнібек ханның Астраханда, Қырымда хан болып, Мәскеу патшалығына кетіп, сол жақта қайтыс болуы туралы пікір жатады.

М. Тынышпаев Гаммердің Жәнібек хан жөніндегі қате тұжырымын негізге ала отыра, оны одан әрі жалғастырады[26, 128]. Онда «1477 жылы Жәнібек хан Алтын Орда ханы Ахмет хан атынан Қырымда хандық етеді, 1480 жыл шамасында Ресейге, ұлы князь Ш Иван Васильевичке келеді, сонда Ковно каласында дүние салды» деген пікірге М. Тынышпаев «Алтын Орда ханы

Ахмет ықпалы күшті туысы әрі ұлыс ханы Жәнібек ханды жанында ұстағысы келмеді, сөйтіп оны Ахмет Қырымға жіберу арқылы ондағы бағынбай жүрген Меңлікереіден құтылуды мақсат етті» деген дәлелдемесімен толықтырады[26, 128].

Біздің ойымызша, М. Тынышпаев осы жерде бірнеше мәселеге дерек мәліметтерінің жетіспеушілігінен қателіктерге бой алдырған дейміз.

Біріншіден, XV ғасырдың 70-ші жылдары Алтын Ордаға Қырым хандығы да, Жәнібек хан билеген Қазақ хандығы да тәуелді емес, олар әрқайсысы жеке дербес хандықтар болатын. Екіншіден, көрсетілген жылдарда Қырым хандығы мен Алтын Орда хандығы арасында талас-тартыс жүріп жатты. Екі жақтың біреуінің уақытша жеңіске жетуі екіншісін толық және түпкілікті жеңіске жеткізбеді. Сондықтан да Қырымда алтынордалық Ахмет ханның қазақтың Жәнібек ханын билікке отырғызуы мүмкін емес жағдай, үшіншіден, Жәнібек ханның жасы XV ғасырдың 70-жылдарында алпыстан асып, жетпіске таяп қалған болатын. Сондықтан да ондай жасы келген адамды Дешті Қыпшақтан Қырымға хан етіп жіберу қисынға келмейді. Міне, осындай жағдайларды ескермегендіктен, Жәнібек ханға байланысты қате пікірлер туындаған.

Қазақ ханы Жәнібек ханға қатысты жоғарыдағыдай қателіктерге ұрынбау үшін және ойымыз түсінікті болуы үшін 1477 жылы Қырымда хан болған Жәнібек кім деген сұраққа жауап берелік. Алдымен сол кездегі Қырым хандығы туралы бір-екі ауыз сөз.

XV ғасырдың 40-шы жылдары Қырымда билікке келген тұқайтемірлік Қажыкерей хан жаңа хандықтың және жаңа әулеттің негізін қалайды. 1466 жылы ол қайтыс болғаннан кейін, талас-тартыстан соң көп ұлдарының бірі — Меңлікереі билікті иеленіп, хан болады. Ол өз кезегінде бірнеше рет биліктен айырылады және қайта келеді. Қайта келген Меңлікереі хан Қырымда XVI ғасырдың алғашқы жылдарына дейін билік етеді. Ол 1502 жылы Алтын Ордаға соңғы рет соққы беріп, оны біржолата тарихтың көшінде қалдырады.

XV ғасырдың 70-ші жылдары Қырым Мәскеумен одақтас болып, алтынордалық Ахмет хан мен король Казимирдің одағына қарсы тұрады. Дәл осы тұста Түрік сұлтандары да Қырымда өз ықпалын өсірген болатын. Осындай жағдай Қажыкерей ұлдарына бірнеше бағытты: түріктік, алтынордалық, мәскеулік бағдарларды ұстануға мәжбүр етеді. Қырымның билеуші әулеті ішінде осыншама бағыттарды ұстанушылар арасында өзара күрес өрбиді. Меңлікерейдің бірнеше рет биліктен айырылуы осыдан туындаған. 1474 жылы Меңлікереіден билікті туған ағасы Хайдар хан тартып алады. 1475 жылы Меңлікереі түріктерге өтеді де, солардың көмегімен билікке қайта келеді. Ал 1477 жылы алтынордалық Ахмет хан Қырым түбегін қайта бағындырады да, Қырымның билеуші топтары арасында алтынордалық бағытты ұстайтын адамды билікке отырғызады. Ол адам - Жәнібек хан болатын. Ол билікте 1477-1478 жылдары ғана отырады[12, 455]. Дерек мәліметтерінде оны: Жәнібек-Керей деп, Жан-Керей деп жазады. Жанкерей - Меңлікерейдің әкесі Қажы Керей ханның туған ағасы[11,61]. Жошы Ұлысының тарихы туралы зерттеу жүргізіп, көзі тірісінде сол еңбегін жариялай алмаған тарихшы, этнограф Г. Е. Грумм-Гржимайло (1860-1936) осы кездегі оқиғаларды былайша түсіндіреді: «...Ахмет хан Қырымды алып, онда билеуші етіп Жәнібек Герейді отырғызды... бірақ бір жылдан соң Қырымдағы жағдай қалпына келтіріледі: Жәнібек Ресейге қашты, Меңлікереі билікке қайта келді. Ресеймен арадағы одақтастық қалпына келтірілді және қосымша қаулымен толықтырылды». Қаулыда III Иван Ресейге қашып барған Меңлікереі туыстарын ешқайда шығармау және барлығын жасына, Қырымдағы жағдайына сай материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету айтылған[13, 142].

Жоғарыда айтып өткен шолулардан байқағанымыз, 1477 жылы Қырымда хан болып, бір жылдан соң Ресейге қашқан және сонда қайтыс болған Жәнібек хан, ол— қазақтың Жәнібек ханы емес, Қырымдағы хан әулетінің өкілі. Астраханда билікте болған Жәнібек хан да есімі ұқсас болғанымен, қазақтың Жәнібек ханына ешқандай қатысы жоқ. Ал қазақтың Жәнібек ханы болса, XIII ғасырдың 70-ші жылдарының басында, шамамен 1473-74 жылдары қайтыс болған. Өйткені

осы ғасырдың 70-ші жылдарының ортасына таман басталған Сыр бойы үшін күресте, қазақ хандарының екінші буыны Бұрындық, Қасым хандардың есімдері жазба деректерде кездесе бастайды.

Енді бір-екі ауыз сөз, Жәнібек ханның «Әз Жәнібек» деп аталуы жөнінде болмақ.

«Әз Жәнібек» атауын алғаш рет ауыз әдебиетінің материалдарына сүйеніп Ш.Құдайбердіұлы 1911 жылы жарық көрген еңбегінде айналымға енгізеді. Ол Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілқайырдан бөліну себебін Ақжол бидің өлімімен байланыстырып, хан үкіміне «Әз Жәнібек хан өкпелеп кетті», - десе, осы тарихи әңгіменің өлең түріндегі нұсқасын былайша жырлайды:

«Қазақтың Әз-Жәнібек ханы болған,
Билеген сыртын ноғай заңы болған.
Арғынның арғы атасы Дайыр қожа,
Дейтұғын бір әділ би тағы болған.
Ол биді Әбілқайыр жақсы көрген,
«Ақжол» деп оң тізеден орын берген.
Қобыланды қара қыпшақ батыр еді,
Намыс қып күндестікпен шайтанға ерген.
Өлтірген андып жүріп Ақжол биді,
Қазаққа осы жұмыс ауыр тиді.
Қысқасы Қобыландыны өлтірем деп,
Жар салып Әз-Жәнібек халқын жиды.
Жалынған үш кісінің құнын ал деп
Алмаған «бізге керек емес мал» деп.
Бермеген Әбілқайыр Қобыландыны,
«Мұны өлтірсең қалған ел бұзылар» деп.
Сондықтан өкпе қылып қазақ көшкен,
Қыпшақты шауып, жаншып қатты өштескен.
Шудағы Шағатайдың нәсілінен,
Қараймыз Мұғыл Темір ханға дескен» [27, 22-23, 74].

Осылайша, Ш.Құдайбердіұлының еңбегінен соң Жәнібек хан «Әз Жәнібек» деп атала бастайды. Ал кейінгі авторлар оны ешбір тексерусіз, талдаусыз өз еңбектерінде қолданады. Тіпті 1943 жылғы жарық көрген академиялық басылымда қазақ билеушісі Жәнібек хан - «әз Жәнібек» деп жазылады[28,147].

Дерек мәліметтеріне жүгінсек, Алтын Ордада хан болған Өзбек хан ұлы Жәнібек ханға берілген баға қана оның «әз» деген титулмен аталуына лайықты сияқты. Натанзи оған былайша баға береді: «...Оның әділдігін Ануширванның (Аты аңызға айналған Әділетті Хұсрау Ануширван, I Хұсрау 531-578 жж. сасанилық әулеттің өкілі – Б.К.) әділдігімен теңейді. Ол бүкіл Өзбек ұлысын мұсылман етті, бұтханалардың бәрін жойды, көптеген мешіттер мен медресе салдырды. Ол бүкіл назарын мұсылмандардың жағдайын жақсартуға арнады. Әртүрлі өңірлер мен тараптардан өте көп білімді және ғалым адамдар оның сарайына ұмтылатын. Оның кезінде Дештілік әмірлердің ұлдары білімге бет бұрып, ғылым жолына түсті, олардың әрқайсысы өз уақытының дара тұлғасына айналды, сөйтіп олардың ақыл-ойының жемісі әлі күнге дейін жиналыстар мен басқосуларда ауыздан ауызға таралып отырады...»[22,128]. Міне, осындай саясатынан кейін Жәнібек хан ғалымдар арасында әділ, қайырымды деген атаққа ие болып, «әзиз» атанады.

Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалады[2,42]. Оның ішінде Жиренше, Махмұт, Қамбар, Әдік, Қасым секілді ұлдары XV ғасырдың соңы мен XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығының

күшею кезеңінде үлкен рөл атқарғаны белгілі. XVI ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Жәнібек ханның Жәдік атты ұлы мен оның ұрпақтары саяси билікті қолдарында ұстайды. Қазақтың ханы болған Хақназар, Шығай, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке хандар – осы Жәнібек ханның ұрпақтары болып келеді. Жалпы алғанда, XIX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін өмір сүрген қазақ мемлекеттілігінің билігінде Жәнібек ханның ұрпақтары тұрды. Біз олар туралы осы еңбектің келесі бөлімдерінде арнайы қарастырамыз.

Қорытынды

Осылайша, Жәнібек хан туралы жоғарыда айтылған ойларымызды қорыта келе, мынадай қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, Жәнібек хан - Шыңғыс хан заманынан бері Дешті Қыпшақ аумағында билік құрған текті әулеттің өкілі болып келеді. Оның ата-бабаларының бәрі дерлік Ордаежен Ұлысында, Ақ Ордада, Алтын Ордада хан болған тарихи тұлғалар.

Екіншіден, Жәнібек хан - туысы Керей ханмен бірге XVI ғасыр ортасында Дешті Қыпшақ аумағында үзіліп қалған әулет билігін жаңа сапада, ұлттық сипатта қалпына келтіреді және оның құрылу үдерісін аяғына дейін жеткізеді.

Үшіншіден, Жәнібек ханның ұрпақтары Қазақ мемлекеттілігін XIX ғасырдың басына дейін жеткізеді. Осылайша, кейінгі орта ғасырдағы хандардың өмірі мен тарихы ел, халық тарихымен тікелей байланысты болғандықтан, жеке тарихи тұлғалардың тарихын білу арқылы, біз өз тарихымызды терең біле түсеміз және ұлы адамдар өмірі әрқашанда үлгі, өнеге болады демекпіз.

Әдебиеттер

1. Муиз ал ансаб //Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. - Т.П. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941(Одан әрі – СМИЗО)
2. Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.(Одан әрі - МИКХ).
3. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. - 616 б.
4. Фатх – наме // МИКХ.
5. Шайбани-наме // МИКХ.
6. Әбілғазы. Түрік шежіресі. - Алматы: Ана тілі, 1991. -208 б. (Халық қазынасы)
7. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997. –128 б.
8. Из «Списков строителя мира» Гаффари // СМИЗО. - II т.
9. Из «Истории» Хайдера Рази // СМИЗО. - II т.
10. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. –276 с.
11. СМИЗО. - II т.
12. Лэн-Пуль Стэнли. Мусульманские династии // Абуль-Гази-Багадур-хан.Родословное древо тюрков. Иоакимф. История первых четырех ханов дома Чингизова. Лэн-Пуль Стэнли Мусульманские династии. - Москва-Ташкент-Бишкек, 1996. - 544 с.
13. Грумм-Гржимайло Г. С. Джучиды. Золотая Орда. Мына кітапта: «Арабески» Истории. Книга 1. Русский взгляд. - М., 1994.
14. Зайцев И.В. Астраханское ханство. – М., 2004. – 303 с.
15. Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар // МИКХ.
16. Из «Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей» Абд-ар-Раззака Самарканди // СМИЗО. – Т.П. – С. 190-201.
17. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.). – М., 1996. – С. 277-526.
18. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государство и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. Второе издание, исправленное и дополненное. – СПб., 2004. –368 с.
19. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Т.П. – Алматы, 1983. – 440 б.

20. Из «Книги побед» Шереф ад-дина Йезди // СМИЗО. – Т. II.
21. Рашид ад-дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю.П. Верховского, примеч. И.П. Петрушевского. – М.-Л., 1960. – Т. 2. – 248 с.
22. Из «Анонима Искандера» // СМИЗО. – Т. II.
23. Елеуұлы М. Шу өңірі: аңыз бен тарих // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы, 3-шығыуы. - 1996.
24. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя) / Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. / Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. - 196 с.
25. Тарих-и Кипчаки // МИКХ.
26. Тынышпаев М. История казахского народа. / Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Баигалиев Б. – Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993. - 224 с.
27. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 80 б.
28. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней – 3-е изд., переработ. – Алматы, 2011. – 670 с.

References

1. Muiz al ansab //Sbornik materialov, otnosyashihsy k istorii Zolotoj Ordy. - T.II. Izvlecheniya iz persidskih sochinenij. Sobrannye V. Tizengauzenom i obrabotannye A.A. Romaskevichem i S.L. Volinym. – M.-L., 1941(Odan әri – SMIZO)
2. Tavarikh-i guzida-ji nusrat-name // Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Izvlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochinenij) / Sost.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishulina, V.P. Yudin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s.(Odan әri - MIKH).
3. Мұһаммед Hajdar Dulati. Tarih-i Rashidi. (Нақ zholyndarylar tarihy). – Almaty, 2003. - 616 b.
4. Fath – name // MIKH.
5. Shajbani-name // MIKH.
6. Abilgazy. Turik shezhiresi. - Almaty: Ana tili, 1991. -208 b. (Halyq qazynasy)
7. Qadyrgali Zhalajyr. Shezhireler zhinagy / Shagataj-qazaq tilinen audaryp, algy sozin zhazgandar N. Mingulov, B. Komekov, S. Oteniyazov. – Almaty, 1997. –128 b.
8. Iz «Spiskov ustroitelya mira» Gaffari // SMIZO. - II t.
9. Iz «Istorii» Hajdera Razi // SMIZO. - II t.
10. Sultanov T.I. Podnyatye na beloј koshme. Potomki Chingiz-hana. – Almaty, 2001. –276 s.
11. SMIZO. - II t.
12. Len-Pul Stenli. Musulmanskie dinastii // Abul-Gazi-Bagadur-han.Rodoslovnnoe drevo tyurkov. Ioakinf. Istoriya pervyh chetyreh hanov doma Chingizova. Len-Pul Stenli Musulmanskie dinastii. - Moskva-Tashkent-Bishkek, 1996. - 544 s.
13. Grumm-Grzhimajlo G. S. Dzhuchidy. Zolotaya Orda. Myna kitapta: «Arabeski» Istorii. Kniga 1. Russkij vzglyad. - M., 1994.
14. Zajcev I.V. Astrahanskoe hanstvo. – M., 2004. – 303 s.
15. Bahr al-asrar fi manakib al-ahjar // MIKH.
16. Iz «Mesta voshoda dvuh schastlivyh zvezd i mesta sliyaniya dvuh morej» Abd-ar-Razzaka Samarkandi // SMIZO. – T.II. – S. 190-201.
17. Safargaliev M.G. Raspad Zolotoj Ordy. // V kn.: Na styke kontinentov i civilizacii... (iz opyta obrazovaniya i raspada imperij H-HVI vv.). – M., 1996. – S. 277-526.
18. Klyashturnyj S.G., Sultanov T.I. Gosudarstvo i narody Evrazijskih stepей. Drevnost i serdnevekove. Vtoroe izdanie, ispravlennoe i dopolnennoe. – SPb., 2004. –368 s.
19. Qazaq SSR tarihy (kone zamannan byginge dejin). Bes tomdyq. – T.II. – Almaty, 1983. – 440 b.
20. Iz «Knigi pobed» Sheref ad-dina Jezdi // SMIZO. – T.II.
21. Rashid ad-din. Sbornik letopisej / Per. s persidskogo Yu.P. Verhovskogo, primech. I.P. Petrushevskogo. – M.-L., 1960. – Т. 2. – 248 с.
22. Iz «Анонима Iskandera» // SMIZO. – Т. II.
23. Eleuұly M. Shu oniri: anyz ben tarih // QazMU habarshysy. Tarih seriyasy, 3-shygyuy. - 1996.
24. Fazlallah ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman-name-ji Buhara. (Zapiski Buharskogo gostya) / Perevod, predislovie i primechaniya R.P. Dzhaliilovoj. / Pod red. A.K. Arendsа. – M., 1976. - 196 s.
25. Tarih-i Kipchaki // MIKH.
26. Tynyshpaev M. Istoriya kazahskogo naroda. / Sostaviteli i avtory predisloviya prof. Takenov A.S. i Baigaliev B. – Alma-Ata: «Qazaq universiteti», 1993. - 224 s.
27. Qudajberdiuly Sh. Tyrik, qyrgyz-qazaq ham handar shezhiresi. – Almaty, 1991. – 80 b.
28. Istoriya Kazahskoj SSR s drevnejshih vremen do nashih dneј – 3-e izd., pererabot. – Almaty, 2011. – 670 s.

МАЗМҰНЫ

Абдрахим М., Тулешова У. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ШЕН» ЖӘНЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ МАРАПАТТАРЫ МӘСЕЛЕСІ.....	5
Ахтаева Н.С., Парух К.И. SPSS – СТАТИСТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНДА СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА СПОРТШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ.....	12
Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. СЕМЕЙ Өңірі ауыл еңбекшілерінің майданды өнім сұранысымен қамтамасыз етуі.....	19
Балтабаева К.Н. ӘБІЛҚАЙЫР МҰХАММЕД ҒАЗИ БАҒАДУР-ХАН.....	33
Бейсегулова А.Қ. ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДА ТІЛДІҢ ОРНЫ.....	45
Бекжан О.Д. ҚАССАҚ ЭТНОНИМІ ЖАЗЫЛҒАН КӨНЕ ТҮРКІ РУНА ЖАЗУЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ.....	50
Гейдаров А. КСРО-НЫҢ ҚҰРЫЛУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ РКСФР-ДІҢ ОҢТҮСТІК КАВКАЗДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ӨЗГЕШЕЛІКТЕР.....	57
Жайлыбаев Д.Ж. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МОНО ЖӘНЕ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ.....	63
Жанақова Н.Т. ҚАЛИ БІЛӘЛОВ – ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ ІСІНІҢ БІЛГІР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ.....	68
Жарқынбаева Р.С., Байжанова С.Н. ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	73
Жуматаев Р.С., Кожабекова Ж.Б. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ.....	82
Ибраева А. ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВ – АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨРШІЛ ҚАЙРАТКЕРІ.....	91
Ибраева А. АХМЕТ БІРІМЖАНОВ – АЛАШ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ.....	101
Каженова Г.Т. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ САЯСАТЫНА БҰҚАРА ХАЛЫҚТЫҢ КӨРСЕТКЕН ҚАРСЫЛЫҒЫ.....	111
Кәрібаев Б.Б. ЖӨНІБЕК ХАН.....	120
Кәрібаев Б.Б. КЕРЕЙ ХАН.....	133
Кульшанова А.А. ЖАҢА ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ БОЛЬШЕВИКТЕР ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ ТОТАЛИТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ.....	150
Қалыбекова М.Ч. XX ғ. 30-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КСРО-НЫҢ ҚҰҒЫН СҮРГІН САЯСАТЫНЫҢ БІР ТҮРІ - ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ҚОНЫСТАНДЫРУ.....	154
Қалшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ермабылов А.Е. ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЛБА-НАРЫМ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ (ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	163
Қойгелдиев М.Қ. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: АЛАШТЫҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕР МАНИФЕСІ.....	170
Қойгелдиев М.Қ. ЕСМАҒАМБЕТ ИСМАЙЛОВ: МЕН ӘДЕБИЕТТІ БАРЛЫҚ МҮДДЕМНЕН ЖОҒАРЫ ҚОЙДЫМ!.....	192
Қорабай С.С. «ДАНА ХИКАР ХИКАЯСЫ» ЖӘДІГЕРІ – АРМЯН ЖАЗУЫНДАҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ.....	226

Майданали З. ТӨРЕ ЖӘНЕ ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ЖАСАҒЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР.....	232
Мамедзаде У.К. ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ..	238
Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е. ОЙСЫЛҚАРА ЖЕРІНДЕГІ ТАС ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ(АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ): АЛДЫН-АЛА ХАБАРЛАМА.....	247
Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т. X-XI ғ. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШЫҒЫС САЯСАТЫ: КОЧО ҰЙҒЫР ИДИҚҰТТЫҒЫМЕН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ХОТАНДЫ ЖАУЛАП АЛУЫ.....	254
Мургабаев С.С. ҚАРАТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ КЕЗЕҢІНІҢ БЕЙНЕЛЕРІ МЕН ТАҢБАЛАРЫ.....	262
Мұхитов Қ. ГУРЬБЕВ-ҚАНДЫАҒАШ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ.....	282
Омарова Г.Ә. АЛЖИР ҚАСІРЕТІ: АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР ЕСТЕЛІГІНДЕ.....	289
Оспанғалиев Қ.Ә. БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ.....	297
Саурықова Ж.С. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КУЛАКТАРДЫ ЖОЮ ПРОЦЕСІНДЕГІ БҰРМАЛАНУЛАР.....	309
Смағұлов Б. ТОҢЫКӨКТИҢ ЕКІНШІ ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (VII – VIII ғғ.).....	318
Сұлтанғалиева Г., Ануаров Н.Т. ОРЕНБУРГ КАДЕТ КОРПУСЫ ЖӘНЕ XIX ғ. ҚАЗАҚ ОФИЦЕРЛЕРІ.....	330
Ташқараева Ә.М. АБУ-Л-ҒАЗИ БАҒАДҰР ХАН: ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	338
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ШІЛІКТІ-ТАРБАҒАТАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2019 ЖЫЛЫ ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНДА ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	347
Хасенова Б.М. АРХЕОЛОГИЯ БОЙЫНША КИМАК ҚОҒАМЫНДАҒЫ ГЕНДЕР.....	353

СОДЕРЖАНИЕ

Абдрахим М., Тулешова У. ВОПРОСЫ «ЧИНА» И НАГРАД РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОМ УСТНОМ НАРОДНОМ ТВОРЧЕСТВЕ.....	5
Ахтаева Н.С., Парух К.И. ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ СПОРТСМЕНОВ В КРИЗИСНЫХ СИТУАЦИЯХ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СТАТИСТИЧЕСКОЙ ВЫКЛАДКИ ДАННЫХ В ПРОГР.....	12
Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. ОБЕСПЕЧЕНИЕ СЕЛЬСКИМ НАСЕЛЕНИЕМ СЕМИПАЛАТИНСКОГО РЕГИОНА ПОТРЕБНОСТЕЙ ФРОНТА.....	19
Балтабаева К.Н. АБУЛХАИР МУХАММЕД ГАЗИ БАХАДУР-ХАН.....	33
Бейсегулова А.К. РОЛЬ ЯЗЫКА В СОХРАНЕНИИ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ.....	45
Бекжан О.Д. ЗНАЧЕНИЯ ДРЕВНЕ ТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО ПИСЬМА, ГДЕ НАПИСАН ЭТНОНИМ КАССАК.....	50
Гейдаров А. ПОЛИТИКА РСФСР НА ЮЖНОМ КАВКАЗЕ НАКАНУНЕ ОБРАЗОВАНИЯ СССР И РАЗЛИЧИЯ В ДАННОМ НАПРАВЛЕНИИ.....	57
Жайлыбаев Д.Ж. РАЗВИТИЕ МАЛЫХ И МОНО ГОРОДОВ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	63
Жанакова Н.Т. КАЛИ БИЛАЛОВ – ТАЛАНТЛИВЫЙ ОРГАНИЗАТОР ОБРАЗОВАНИЯ В СТРАНЕ.....	68
Жаркынбаева Р.С., Байжанова С.Н. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН.....	73
Жуматаев Р.С., Кожабекова Ж.Б. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ, СВЯЗАННЫЕ С ЛОШАДЬЮ.....	82
Ибраева А. ЖАХАНША ДОСМУХАМЕДОВ – АМБИЦИОЗНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ АЛАШСКОГО ДВИЖЕНИЯ.....	91
Ибраева А. АХМЕТ БИРИМЖАНОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	101
Каженова Г.Т. СОПРОТИВЛЕНИЕ НАРОДНЫХ МАСС ПОЛИТИКЕ ВОЕННОГО КОММУНИЗМА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	111
Карибаев Б.Б. ЖАНИБЕК ХАН.....	120
Карибаев Б.Б. КЕРЕЙ ХАН.....	133
Кульшанова А.А. НОВЕЙШИЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ ПО НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКЕ БОЛЬШЕВИКОВ В ПЕРИОД СТАНОВЛЕНИЯ ТОТАЛИТАРНОГО ГОСУДАРСТВА.....	150
Калыбекова М.Ч. ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН КАК ФОРМА РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ СССР (1937-1945).....	154
Калшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. МИРОВОЗЗРЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ КАЛБА-НАРЫМСКИХ ПРЕДГОРИЙ В ЭПОХУ БРОНЗЫ (НА ОСНОВАНИИ МАТЕРИАЛОВ ЗАХОРОНЕНИЙ).....	163
Койгелдиев М. МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: МАНИФЕСТ НАЦИОНАЛЬНОГО ПИСАТЕЛЯ.....	170
Койгелдиев М. ЕСМАГАМБЕТ ИСМАИЛОВ: Я ЛИТЕРАТУРУ СТАВИЛ ВЫШЕ ВСЕХ СВОИХ ИНТЕРЕСОВ!.....	192
Корабай С.С. «СКАЗАНИЕО ПРЕМУДРОМ ХИКАРЕ» – АРМЯНОПИСЬМЕННЫЙ КЫПЧАКСКИЙ ПАМЯТНИК СРЕДНЕВЕКОВЬЯ.....	226

Майданали З. СОВРЕМЕННЫЕ НАУЧНЫЕ ПАРАДИГМЫ И ТЕНДЕНЦИИ В ИЗУЧЕНИИ ТÖРЕ И ЯСЫ ЧИНГИСХАНА.....	232
Мамедзаде У.К. АЗЕРБАЙДЖАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА КАК ГАРАНТ МИРА И СТАБИЛЬНОСТИ В РЕГИОНЕ.....	238
Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е. О ПАМЯТНИКАХ КАМЕННОГО ВЕКА МЕСТНОСТИ ОЙСЫЛКАРА (АКТЮБИНСКАЯ ОБЛ.): ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ СООБЩЕНИЕ.....	247
Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т. ВОСТОЧНАЯ ПОЛИТИКА КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА В X-XI ВЕКАХ: ВОЙНА С УЙГУРСКИМ ИДИКУТСТВОМ КОЧО И ЗАВОЕВАНИЕ ХОТАНА.....	254
Мургабаев С.С. ИЗОБРАЖЕНИЯ И ТАМГИ РАННЕТЮРКСКОГО ПЕРИОДА В ПЕТРОГЛИФАХ КАРАТАУ.....	262
Мухитов К. ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ГУРЬЕВ-КАНДАГАЧ.....	282
Омарова Г.А. ГОРЕСТИ АЛЖИРА В ВОСПОМИНАНИЯХ МАТЕРЕЙ-УЗНИЦ.....	289
Оспангалиев К.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ НАКАНУНЕ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ.....	297
Саурыкова Ж.С. ПЕРЕГИБЫ И ИСКРИВЛЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	309
Смагулов Б. ОБЩЕСТВЕННАЯ И ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТОНЬЮКУКА В ПЕРИОД ВТОРОГО ТЮРКСКОГО КАГАНАТА (VII – VIII ВВ.).....	318
Султангалиева Г.С., Ануаров Н.Т. ОРЕНБУРГСКИЙ КАДЕТСКИЙ КОРПУС И КАЗАХСКИЕ ОФИЦЕРЫ XIX В.....	330
Ташкараева А.М. АБУ-Л-ГАЗИ БАХАДУР ХАН: ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ.....	338
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ИССЛЕДОВАНИЯ, ПРОВЕДЕННЫЕ ШИЛИКТИ - ТАРБАГАТАЙСКОЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИЕЙ В 2019 ГОДУ НА МОГИЛЬНИКЕ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	347
Хасенова Б.М. ГЕНДЕР В КИМАКСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПО ДАННЫМ АРХЕОЛОГИИ.....	353

CONTENTS

Abdrakhim M., Tuleshova U. QUESTIONS OF “RANK” AND AWARDS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE KAZAKH ORAL FOLK.....	5
Akhtayeva N.S., Paruch K.I. PSYCHOLOGICAL CONSULTING OF ATHLETES IN CRISIS SITUATIONS USING STATISTICAL DATA CALCULATIONS IN THE SPSS-STATISTICS PROGRAM.....	12
Baigapanova A.B., Adilbayeva A.S. COVERING THEFRONT DEMANDS BY THE RURAL POPULATION OF THE SEMIPALATINSK REGION.....	19
Baltabayeva K. ABULKHAIR MUKHAMET GAZI BAKHADUR-KHAN.....	33
Beysegulova A.K. THE ROLE OF LANGUAGE IN PRESERVING ETHNIC IDENTITY.....	45
Bekzhan O.D. THE VALUES OF THE ANCIENT TURKIC RUNIC LETTERS, WHERE THE WRITTEN WORD KASSAK.....	50
Heydarov A. THE SOUTH CAUCASUS POLICY OF RSFSR ON THE EVE OF THE USSR ESTABLISHMENT AND DIFFERENCES IN THIS DIRECTION.....	57
Zhailybayev D.Zh. DEVELOPMENT OF SMALL AND MONO CITIES OF TURKESTAN REGION.....	63
Zhanakova N.T. KALI BILALOV – TALENTED ORGANIZER OF EDUCATION IS IN COUNTRYS.....	68
Zharkynbayeva R., Baizhanova S. FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF THE HIGHER EDUCATION SYSTEM OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN.....	73
Zhumataev R.S., Kozhabekova Zh.B. SOME ASPECTS OF WORLDVIEW RELATED TO HORSES AT TURK-MONGOLIAN PEOPLES.....	82
Ibraeva A. ZHAKHANSHA DOSMUKHAMEDOV – THE AMBITIOUS ACTOR OF THE ALASH MOVEMENT.....	91
Ibraeva A. AKHMET BIRIMZHANOV – THE OUTSTANDING REPRESENTATIVE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA.....	101
Kazhenova G. THE RESISTANCE OF THE POPULATION TO THE POLICY OF WAR COMMUNISM IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	111
Karibaev B. JANIBEK KHAN.....	120
Karibaev B. KEREY KHAN.....	133
Kulshanova A.A. THE LATEST METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE NATIONAL POLICY OF THE BOLSHIEVIKS IN THE PERIOD OF THE TOTALITARIAN STATE FORMATION.....	150
Kalybekova M.Ch. FORCED RESETTLEMENT OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN AS A FORM OF REPRESSIVE POLICY OF THE USSR (1937-1945).....	154
Kalshabayeva B.K., Shakenov S.T., Ergabylov A.E. WORLDVIEW OF THE POPULATION OF KALBA-NARYM FOOTHILLS IN THE BRONZE AGE (BASED ON BURIAL MATERIALS).....	163
Koigeldiyev M. MAGZHAN ZHUMABAYEV: MANIFESTO OF A NATIONAL WRITER.....	170
Koigeldiyev M. YESMAGAMBET ISMAILOV: I PUT LITERATURE ABOVE ALL MY INTERESTS!.....	192
Korabay S. A «STORY ABOUT WISE HIKAR» IS ARMENIAN WRITING KIPCHAK MONUMENT OF MIDDLE AGES.....	226
Maidanali Z. MODERN SCIENTIFIC PARADIGMS AND TRENDS IN THE STUDY OF TÖRE AND YASY CHINGISKHAN.....	232

Mamedzade U.K.	
REPUBLIC OF AZERBAIJAN AS A GUARANTOR OF PEACE AND STABILITY IN THE REGION.....	238
Mamirov T.B., Klyshev E.E.	
ABOUT THE STONE AGE SITES OF OYSYLKARA (AKTOBE REGION): PRELIMINARY REPORT.....	247
Moldabayeva D.J., Maratulu T.	
THE EASTERN POLICY OF QARAKHANID STATE IN X-XI CENTURIES:THE WARFARE BETWEEN KOCHO KINGDOM OF UYGHURS AND THE INVASION OF KHOTAN.....	254
Murgabayev S.S.	
IMAGES AND TAMGI OF THE EARLY TURKISH PERIOD IN KARATAU PETROGLYPHS.....	262
Mukhitov K.	
THE HISTORY OF THE RAILWAY GURYEV-KANDAGASH CONSTRUCTION.....	282
Omarova G.	
THE SORROWS OF ALGERIA IN THE MEMORIES OF MOTHERS-PRISONERS.....	289
Ospangaliev K.A.	
SOCIO-POLITICAL SITUATION IN EAST KAZAKHSTAN ON THE EVE OF THE ALL-RUSSIAN CONSTITUENT ASSEMBLY.....	297
Saurykova Zh.	
EXCESSES AND DISTORTIONS IN THE PROCESS OF COLLECTIVIZATION AND DISPOSSESSION IN KAZAKHSTAN.....	309
Smagulov B.	
MILITARY-POLITICAL ACTIVITY OF TONYUKUK IN THE PERIOD OF SECOND TURKIC QAGHANATE (VII - VIII CENTURIES).....	318
Sultangalieva G.S., Anuarov N.T.	
ORENBURG CADET CORPS AND KAZAKH OFFICERS IN THE XIX CENTURY.....	330
Tashkaraeva A.	
ABU-L-GHAZI BAHADUR KHAN: LIFE AND PUBLIC ACTIVITIES.....	338
Toleubaev A.T., Zhumatayev R.S., Shakenov T., Ergabilov A.E.	
RESEARCH WORK CARRIED OUT BY THE SHILIKTY-TARBAGATAI ARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2019 AT THE YELEKE SAZY NECROPOLIS.....	347
Khasenova B.M.	
GENDER IN THE KIMAK SOCIETY ACCORDING TO DATA OF ARCHEOLOGY.....	353

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 4(20)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй